

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
«Қарлығаш» кіші тобының тәрбиешісі Сарбасова А.А.

2025–2026 оқу жылына арналған жылдық есебі

2025–2026 оқу жылында «Шұғыла» бөбекжай-бақшасының «Қарлығаш» кіші тобында барлығы 19 бала тәрбиеленді. Оның ішінде 8 ұл және 11 қыз бала болды. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері 2–3 жас аралығын қамтыды.

Оқу-тәрбие жұмыстары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің №422 бұйрығы және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылды.

Жыл бойы балалардың тілін дамыту, сөздік қорын байыту мақсатында күнделікті әңгімелесу, тақпақ жаттау, ертегілер тыңдау, сұрақ-жауап жұмыстары жүргізілді. Топта жыл бойы инклюзивті білім беруді қажет ететін балалар басқа балалармен бірге тәрбиеленіп, білім алды. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру барысында санау, пішіндер мен түстерді ажырату, салыстыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар балалар «алға–артқа», «биік–төмен», «ұзын–қысқа» ұғымдарын меңгерді. Логикалық ойлау қабілеттері мен зейіндерін дамытуға арналған дидактикалық ойындар жүйелі түрде қолданылды.

Балалардың қауіпсіздік ережелерін сақтау, тазалық пен жеке бас гигиенасын меңгеру дағдылары қалыптастырылды. Қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында серуендер, спорттық жаттығулар және қимылды ойындар өткізілді.

Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, жеке кенестер, ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылды. Жыл бойы ата-аналар бала тәрбиесіне белсенді түрде атсалысты. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылды: жеке кенестер, ашық есік күндері, жиналыстар. «Аналар мектебі» және «Әкелер мектебі» аясында «Бағдаршам және біз» драмалық сюжетті-рөлдік ойындар (кенес беру пункті). «Ұлттық теңге – мақтанышым!» тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.

Жыл соңында балалардың даму деңгейіне мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижесінде тәрбиеленушілердің танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық дағдыларының қалыптасқаны байқалды. Балалар түрлі түсті заттарды топтастыруды, пішіндер мен түстерді ажыратуды, ертегі кейіпкерлерін тануды меңгерді.

Топта қазақ ұлттық бұрышы ұйымдастырылып, балалар ұлттық құндылықтармен таныстырылды. «Жасыл балабақша» жобасы аясында топта терезе алдында гүлдер мен көкөніс көшеттері отырғызылды, топ безендірілді.

Тәрбиеленушілер күн тәртібіне бейімделіп, оқу құралдарын ұқыпты пайдалануға үйренді. Өр мерекелік іс-шараға белсенді қатысып, көпшілік алдында өз өнерлерін көрсете білді. Жасанды интеллект пен цифрлық трансформация тақырыптарында біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, заманауи білім беру технологияларын меңгердім.

Оқу жылы барысында тәрбиеленушілер мен тәрбиеші түрлі байқауларға қатысып, жақсы нәтижелерге қол жеткізді:

№	Аты	Дәрежелі диплом	Орналасқан орталығы
1.	«Үздік педагог» онлайн байқауының жеңімпазы (I орын)	I дәрежелі диплом	«Дарын республикалық білім беру орталығы» Астана қаласы
2.	«Үздік ұйымдастырылған іс-әрекет» облыстық байқауы (I орын)	I дәрежелі диплом	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
3.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың педагогтері арасында өткен облыстық олимпиада	II дәрежелі диплом	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы

(І орын)			
4.	Облыстық «Жасыл балабақша» жобасы аясында «Жасыл орта-жарқын болашақ: ерте жастан табиғатты сүйуге тәрбиелеу» семинарда өз тәжірибесімен бөліскені үшін	Алғыс хат	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
5.	Аудандық шеберханада жоғары белсенділік танытып, құнды тәжірибемен бөліскен үшін	Алғыс хат	Қобда ауданының білім бөлімі
6.	Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған VIII Республикалық «Үздік педагог» олимпиадасының іріктеу кезеңіне қатысқаны үшін	Сертификат	SKILLS ACADEMY Kaztest.kz Алматы қаласы
7.	«Оқу үдерісі және ЖИ: генеративті модельдер мен промт-инжинеринг өнері» бағдарламасы бойынша онлайн оқу	Қуәлік	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ

Тәрбиеленушілердің жетістігі

1.	Габитова Аделия «Менің өлкемнің» атты облыстық шығармашылық байқауы	III дәрежелі диплом	«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы
2.	Омарова Асылым «Менің өлкемнің» атты облыстық шығармашылық байқауы	Мақтау қағазы	«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы

Қорытынды

2025–2026 оқу жылында «Қарлығаш» кіші тобында жоспарланған барлық оқу-тәрбие жұмыстары толық орындалды. №422 бұйрық пен біртұтас бағдарлама талаптарына сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізілді. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай жан-жақты дамуына жағдай жасалып, олардың мектепке дейінгі білімге деген қызығушылығы артты.

Тәрбиеші:

 Сарбасова А.А.